

шешімдерін анықтайтын бағдарламалар жергілікті жерлерге өте кеш келді, тіпті, олардың өзінде түрлі қарама-қайшы нұсқаулар болды. Осының салдарынан БОАК жергілікті жерден 1921-1922 жылдары реформаға сәйкес қуылған еуропалықтардың қаптаған арыздары мен шағымдары астында қалып, мәселені қайта қараттыру үшін Түркістанға Серафимов басқарған арнайы комиссияны аттандырды. Комиссия жергілікті жердегі қайраткерлердің табанды қарсылығына кездескендіктен, дұрыс жұмыс атқара алмады. Сұлтанбек Кожанов Мәскеуден бұл комиссияны таратуды талап етті. Бірақ Ф. Голощекиннің Қазақстан партия ұйымына жауапты хатшы болып келуі мұндай көзқарасқа тосқауыл қойды [7, 29 б.].

Нәтижесінде 1927 жылы қарашада болып өткен VI бүкілқазақтық партия конференциясы өзінен бұрынғы 1925 жылы V бүкілқазақтық партия конференциясының жерге кезекпен орналастыру туралы шешімін жойып, «алдағы уақытта Қазақстанда мекендейтін барлық ұлттарды бір мезгілде жаппай жерге орналастыруды жүргізу қажет», - деген жаңа қаулы қабылданды [8, 26 б.].

Қалай болмағанымен, Қазақстандағы 1921-1922 жылдары жүргізілген жер-су реформасы қарқынды басталып, бірақ аяқсыз қалды. Кеңес үкіметі патшалық үкіметтің жер мәселесіндегі отарлық саясатын жойғысы келгенімен, іс жүзінде жерді пайдалануды тек таптық тұрғыдан біржақты шешті. Мұндайда ұлттық мүдде ескерілмей жергілікті қазақ халқы мен қоныс аударушылардың құқығы теңестірілді. Оның үстіне патша үкіметі кезінде жерге орналасқан басқа ұлт өкілдері ол жерден айырылғысы келмей үлкен қарсылық көрсетті. Сонымен қатар олар өз иеліктеріндегі жерлердің межелеңбеуін, яғни шекараларының айқындалмауын пайдаланып, жаңа жерледі де тартып алды.

Қорыта келгенде, айтарымыз, 1921-1922 жылдары Түркістан мен Қазақстанда жүргізілген жер-су реформасының саяси сипаты басым болды. «Әскери коммунизм» саясатының негіздерін сақтап қалған заң ауыл-селодағы әлеуметтік жіктелудің табиғи-тарихи дамуын әкімшілік тәсілдері арқылы жасанды түрде жүргізуге бағытталды. Соның нәтижесінде ауыл-селонның әлеуметтік-экономикалық дами бастады.

Тұрар Рысқұловтың жер-су реформасы жүзеге асырылды деп санауға болады. Бұл кезеңде Кеңес өкіметі Қазақстанда аграрлық реформаларды іске асырып, шаруалар мен жұмысшылардың жағдайын жақсартуды көздеді. Оның ең маңызды шараларының бірі – жерді жаппай қайта бөлу, әсіресе байлардың жерін кедейлерге үлестіру және жердің тұтастығын сақтау болды. Көпшілік өкінішіне орай Рысқұлов 1937 жылы сталиндік репрессиялардың салдарынан қуғын-сүргінге ұшырады. Ол 1938 жылы тұтқындалып, ату жазасына кесілді. Рысқұловтың тағдыры қазақ халқы үшін өте қайғылы болды, өйткені оның есімі кеңес кезеңінде ұзақ уақыт бойы ұмытылып, қуғын-сүргіннің құрбанына айналды.

Тұрар Рысқұловтың атқарған қызметі мен ұлт үшін жасаған еңбектері бүгінгі күнге дейін жоғары бағаланады. Оның жер реформалары, аграрлық саясаты және қазақ халқының мәдени және саяси құқықтарын қорғауға деген ұмтылысы оның басты мұрасы болып табылады. Тұрар Рысқұловтың есімі көптеген тарихи зерттеулерде, кітаптарда және ғылыми жұмыстарда кеңінен аталады. Оның тағдыры мен атқарған қызметтері қазіргі Қазақстан тарихында маңызды орын алды. Ол қазақ халқының тәуелсіздігі мен дамуына үлес қосқан ұлы тұлғалардың бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. https://kk.wikipedia.org/wiki/Тұрар_Рысқұлов
2. <https://stud.kz/referat/show/36272>
3. Омарбеков Т. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. - Алматы, 2001.
4. Туркестан в начале XX века. К истории истоков национальной независимости. -Ташкент, 2000.
5. Қазақстан (қазақ елі) тарихы, 3 кітап, -Алматы-қазақ университеті 2016.
6. Рысқұлов Т. 1916 жылғы көтеріліс // Новый Восток.-М., 1924. -№6-4076.
7. Койгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? – Алматы, 1993.
8. Материалы к отчету Казкрайкома ВКП(б) на VIВсеказахской Партконференции. -Алма-ата, 1930.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ БІРІГУІ – АЙМАҚТЫҚ МӘДЕНИ ИНТЕГРАЦИЯ

Дюсенова Ш.Б

Ғылымижетекшісі: доктор Ph.DДюсупова Сәуле Туяковна
Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан
shyrailum04@gmail.com

XVI-XVII ғасырлар аралығында Қазақ хандығының мәдениеті мен саяси құрылымы Орталық Азия халықтары арасындағы мәдениүдерісіне елеулі әсер етті. Осының нәтижесінде жаңа құрылған қазақ этносы Дешті Қыпшақтың аймақтық мәдени интеграцияның негізгі қатысушысына айналды. Қазақ этносының қалыптасуы ұзақ және үздіксіз процесс екені мәлім, дегенмен Қазақ хандығы құрылғаннан бастан өзіндік салт-дәстірлері, өмір сүру болмысы өзгерістер, ішкі-мәдени интеграцияларға әкеліп, көршілес мемлекеттерден ерекшелене бастады.

Өзектілігі этногенез үдерісі үздіксіз, Қазақ хандығының құрылуы қазіргі заманда да өзекті, себебі қазақ этносының пайда болуы Орталық Азия өркениетінің дамуына өз ықпалын тигізді. Оның ішінде өзіндік ерекше сипаттарға ие болды.

Оны зерттеген ғалымдар арасында ерекше орын қалдырған А.Н. Харузин, Н.А. Аристов, К.А. Пищулина, Б.Е. Көмеков, Ш.Ш. Уәлиханов, С.Ж. Асфендиаров.

Мақаланың мақсаты Қазақ хандығының бірігуі – аймақтық мәдени интеграция нәтижесінде болғанын анықтап, зерттеу. Міндеттері ретінде келесі сұрақтар қарастырылды: Дешті Қыпшақ территориясындағы негізгі ру-тайпаларды анықтап, сипаттау; "қазақ" атауының қалыптасуы, қазақ халқының қалыптасуының тарихи кезеңдері.

Қазақ этногенезі тақырыбы XIX ғасырдың екінші жартысында А. Мейердің, М. Красовский, В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, А.Н. Харузин, Н.А. Аристовтың еңбектерінде қарастырылды. А. Мейер, М. Красовский жоғарыда аталған Мұхаммед Хайдар мен В.В. Вельяминов-Зернов еңбектерін өздерінше пайымдап, қазақ халқын "өз жетекшілерінің төңірегінде шоғырланған тобыр" ретінде қалыптасқан деп және мұны кездейсоқ оқиға ретінде сипаттауға әрекеттенді [1;2]. Бірақ А. Мейер қазақ халқының этникалық компоненттерінің ішінде түрік тайпаларының басым болғандығын мойындайды. А.Н. Харузин – қазақтардың шығу тегі туралы арнайы еңбек жазған авторлардың бірі. А.Н. Харузин қазақ халқының құрамына енген ру-тайпалар тарихына мән беріп, оның компоненттері қатарында "кірме" элементтердің ролін әсірелей көрсетеді. Осы арқылы ол қазақ халқының этногенезі құрамалы сипатта болғандығы жөнінде тұжырымға келеді. Түрлі тайпалардың басын біріктірген қазақтардың халық болып қалыптасуының басты себебін олар өмір сүрген ортадан іздеу керек деп есептейді бұл автор. Көшпелілердің мекені болып табылатын шетсіз де шексіз дала осында өмір сүргендердің барлығын да бір-бірімен санасуға, өздерін бір отбасының мүшелері ретінде сезінуге мәжбүр ететін секілді [3-886]. Осы пікірді И.И. Крафт та қолдады [4, 7-86]. Осыған қарағанда, отарлық идеология ықпалындағы орыс ғалымдары Ресейдің бодан халықтарының, әсіресе, түрік, монғол нәсілдес халықтардың халықтық болмысын бұрмалап көрсетуге бейім тұрғандығы көрінеді. Мұндай сыңаржақтылық көбіне халықтардың шыққан тегін зерттеуде кеңінен орын алды. Олар қазақтар мен қырғыздарды тайпалық дәрежедегі, әлі халық болып қалыптасып үлгермеген этникалық бірлестік ретінде санады [5, 88-896]. А. Харузин "Қырғыз тайпасының конгломераттық құрылымы" деп жазса [6, 886], басқалары Красовский [7], А. Мейер [8], В. Радлов [9], В. Вельяминов-Зернов [10] қазақтар табиғи өсіп-өну нәтижесінде емес, түрлі кездейсоқ ру, тайпалардың құрамасы ретінде пайда болды дейді. А. Харузин: "Қырғыз, толық мәнінде, өзінің туып-өскен даласының ұлы болып табылады, ол болса өз ұлының мінез-құлық ерекшеліктерін, оған тән тұрмыс салтын дүниеге әкелді. Мұнымен ғана шектелмей, дала өзінің тылсым ортасында оны түрлі элементтерден соңғыларының бір-бірімен сығымдалып біріккені құрылым "қазақ" деген жалпы тайпалық атты алып жүруге құқылы болды" дейді. Бірақ, оның пікірінше, бұл бірлестік айқын антропологиялық топты құрай алмаған [11, 916]. Ташкент пен Ходжент арасында тұрып жатқан "Құрама" деп аталатын "халық" ("народность") қандай болса, түрік, монғол және басқа да тайпалардан құралған, "сан алуан қиындықтардан тігілген" "қырғыздар" да сондай деп нығырлай түседі [11, 926].

Орталық Азиядағы этногенетикалық құбылыстарды тұтас процесс ретінде қарастыру жөніндегі көзқарас Өзбекстан, Қырғызстан т.б. республикалары тарихшылары тарапынан қолдау тапты. Мысалы А.Н. Бернштам "Сложение тюркоязычного населения Средней Азии и происхождение киргизского народа" деген мақаласында қырғыз халқының этногенезі тарихын зерттеудегі негізгі мәселе оның шығу тегін басқа да түркі тілдес халықтар тарихынан ажырата қарауға болмайтындығында деп көрсетті. Алайда ол Орта Азияның көшпелі халықтары мен тайпаларының қалыптасуының этникалық ерекшеліктері, кезеңдері, нақтылы жолдары мен аяқталу уақыты отырықшы-егіншілікті аудандардан өзгеше жүзеге асқандығыны ескеру қажеттігіне де назар аударды. Автордың түсінігінше, түрік этногенезінің маңызды ерекшелігі ол әуелгі кезден XX ғасырға дейін рулық тұрмыстық қалдықтары мен шаруашылықтың негізі ретінде көшпелі, мал шаруашылығымен айналысып келген тайпалар арасында орын алды. Нәтижесінде түрік тілдес тайпалар халық ретінде біраз уақыт кеш қалыптасты [12, 176].

Орталық Азиядағы «Дешті Қыпшақ» территориясы тарихи тұрғыдан көптеген ру-тайпалар мен мәдениеттердің тоғысқан мекені болғаны анық. Бұл аймақ ортағасырларда көшпенділер өркениетінің ошағы ретінде белгілі болып, түркі және монғол тектес халықтардың мекені саналды.

«Бұл аумақта қыпшақтар түркі текті басқа да халықтар, арғын, найман, қоңырат, қыпшақ, үйсін, сияқты ру-тайпалар өмір сүрген. Төменде әр ру-тайпаға жеке қарастырылады.

Қыпшақтар. Дешті Қыпшақтың негізгі этносы және көшпенді мал шаруашылығымен айналысқан, ортағасырлық сауда жолдарының маңызды бөлігін құрады. Қыпшақтар Қазақстан аумағына Жоңғар даласынан қоныс аударып, олар ол жерге Батыс Моңғолия жерінен келген. Қыпшақ қауымдастығының пайда болуы, Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Еуропа түркі көшпелілерінің интеграциясының салдарынан қалыптасқан тайпа болып келеді. Қыпшақтардың батысқа қоныс аударуы қазіргі түркі тілдес халықтардың (солтүстік тобының) тұтас бір тобының — қазақтардың, қырғыздардың, башқұрттардың, татарлардың және басқалардың қалыптасуының бастамасы болды.

Ноғай Ордасы: XV ғасырдың бірінші жартысында Маңғыт жұртының (Ноғай ордасының) қалыптасуы аяқталады, ол бастапқыда Батыс, кейінірек Солтүстік-Батыс Қазақстан аумағын қамтыды. Қазақ аңыздары бұл этномәдени бірлестікке этногенетикалық тұрғыдан ерекше маңыз береді. Моғолстан мен Өзбек хандығынан айырмашылығы, Ноғай жұртының, шығыс деректерде маңғыттар деп аталған халықтың, рулық құрамы туралы

нақты деректер жоқ. Кейінгі деректерге сүйенсек, ноғайлардың құрамында наймандар, қыпшақтар, қаңлылар, қытайлар, қазақтар, арғындар, қоңыраттар, алшындар, алаштар, тамалар, керейлер, керейттер, жағалбайлылар және басқалар болған. Кейбір маңғыттар кейін қазақтардың құрамына кірген.

Наймандар: X–XII ғасырлардың басында наймандар Шығыс Қазақстан мен Батыс Моңғолия аумағында өмір сүрген. Найман тайпалары одағының қалыптасуы VIII ғасырдың ортасына дейінгі уақыттан әлдеқайда ертерек болған және наймандар түркі текті болған. Алайда, бұл пікір наймандарда моңғолдық ықпалдың болғанын жоққа шығармайды. Наймандардың кез келген тайпа сияқты аралас этникалық құрамы болуы әбден мүмкін, дегенмен, ғылыми әдебиеттердегі соңғы деректер олардың түркітілдестігін растайды. Көптеген оқулықтар мен монографиялық зерттеулерде наймандар мен керейттердің, әсіресе олардың билеуші топтарының, несториандық бағыттағы христиан болғаны туралы деректер кездеседі. Алайда, П. Карпини наймандардың жері арқылы өткенде былай деп жазған: "Біз наймандар еліне келдік; олар пұтқа табынушылар" деп көрсеткен.

Керейлер мен арғындар: түркілік немесе моңғолдық шығу тегі туралы пікірталас XIX ғасырда В.В. Бартольд, Н.А. Аристов, Г.И. Грумм-Гржимайло және Х. Ховоростың еңбектерінен басталғанымен, бұл мәселені толық шешілді деп айту әлі ерте. А.Ш. Қадырбаев қытай деректері, әсіресе «Юань-ши» негізінде керейттердің түркілік тегі туралы дәлелдер келтіреді. Бұл деректер керейттердің қаңлылармен тығыз этногенетикалық байланысы болғанын көрсетеді, ал қаңлылардың түркітілдестігі күмән тудырмайды. «Мэнүэр-шици» деректерінде одан да нақты айтылған: «Керейттер қаңлылардың ата-бабалары болды. Батыстағылары қаңлы, шығыстағылары керейттер деп аталды». Осы мәліметтерге сүйене отырып, А.Ш. Қадырбаев Орталық Азия көшпелілері арасында керейттерді түркі тайпаларының қатарына жатқызатын тұрақты генеалогиялық дәстүрдің кездейсоқ емес екенін болжады. М.Тынышбаевтың пікірі бойынша, қазіргі керейлер – ежелгіде сансыз көп және қуатты керей тайпасының қалдықтары. Оның айтуынша, керейлер бастапқыда ғұндардан, яғни түркілерден шыққан, бірақ уақыт өте келе моңғолданған.

Қарақалпақтар: бір кездері Орта Азия аумағында өмір сүріп, қазіргі мекендеріне бұрынғы Қазан хандығынан қоныс аударған. Ол жақтан оларды ноғайлар қуып жіберген. Қарақалпақтар ұзақ уақыт бойы далада қоныс аударып, қырғыз-қайсақтармен күресуге мәжбүр болды. Нәтижесінде, бұл халық үш бөлікке бөлінді: бір тобы Әмударияның атырауында, екіншілері Сырдария мен Ендарияның төменгі ағысында, ал үшіншілері Зеравшан алқабында қоныстанды. Бұл болжамдарды тарихшы Рашид ад-Диннің «Жылнамалар жинағы» еңбегіндегі пікірі толықтырады: қоңыраттар «ежелгі заманда моңғолдар деп аталған түркі тайпаларынан» шыққан деп көрсетілген. XVIII ғасырда қарақалпақтардың бір бөлігі Ресейдің бодандығын қабылдады, бірақ кейіннен Хиуа мен Бұхараның қамқорлығына өтті, себебі Ресей оларды қырғыздардан қорғауға қауқарсыз болды.

Қоңыраттар: Көптеген зерттеушілер қоңыраттардың генеалогиясы мәселесін шешуге тырысты. Дегенмен, бұл мәселе әлі күнге дейін толық шешімін тапқан жоқ. Кейбір ғалымдар қоңыраттарды Дешті-Қыпшақта түркіленген моңғол тайпаларының бірі деп санайды. Қазақ диалектологы А.С. Омомжолов қоңыраттарды байырғы түркі тайпаларынан шыққан деп есептейді. Этнограф Б.Х. Қармышева қоңыраттардың XVI ғасырдың басында Мауераннахрға қоныс аударғанға дейін тіл, мәдениет және этникалық құрамы тұрғысынан түркіленгенін атап көрсетеді.

Дешті Қыпшақ мәдениеті көшпелі өркениетке негізделген. Олардың тұрмысы, колөнері, музыкасы мен салт-дәстүрлері мал шаруашылығына және табиғат жағдайларына тәуелді болды. Сақ және үйсін мәдениеттерінен мұра болып қалған атқа міну өнері, аңшылық пен әскери іс көшпенділердің өмірінде ерекше орын алды. Сонымен қатар, қыпшақтар көрші халықтармен тығыз байланыста болды. Олар ислам мәдениетімен де, моңғол шапқыншылығы дәуіріндегі моңғол әсерімен де қатар дамыды. Ұлы Жібек жолының бойында орналасуы сауда мен мәдени байланыстарды дамытуға септігін тигізді. Бұл ру-тайпалар мен мәдениеттердің Орталық Азиядағы ықпалы тек тарихи жағынан ғана емес, сонымен қатар қазіргі қазақ халқының этногенезінде де көрініс табады.

XVI-XVII ғасырларда қазақ халқының қалыптасуы саясатпен бірге әлеуметтік және мәдени факторлармен тығыз байланысты болды. Қазақ халқының этногенезі бірнеше этникалық топтардың, түркі, моңғол және иран тілдес халықтардың бірігуі арқылы жүзеге асты. Көшпелілік өмір салтының ерекшеліктері, әсіресе, тайпалар арасындағы одақтар мен қатынастар мәдени алмасуға ықпал етті. Моңғол шапқыншылығы (XIII ғасыр) қазақ халқының этникалық құрамына да өз өзгерісін енгізді. Моңғолдардың Жошы ұлысы құрамындағы халықтар мен тайпалар, қазақ халқының этногенезіне қосылып, оның құрамын байытты. Е.Тұрсынов (2017) зерттеулерінде моңғол мәдениеті мен әскери дәстүрлерінің қазақ қоғамында сақталып, жаңа формаларға көшуі туралы жазылған.

Қазақстанның ежелгі тұрғындарының этникалық нысандары, яғни антропологиялық түрі, тілі, материалдық және рухани мәдениеті жөніндегі негізгі параметрлері ғылыми-танымдық тұрғыдан жүйелі түсінік беретін құнды пайымдаулар жасалды. Қазақ халқының құрамына енген тайпалық компоненттердің, оның ішінде қыпшақтардың тілдік және этникалық тегі анықтала басталды. Ғылыми айналымда қазақтар этногенезі негізінен автохтонды және бұл процесс көне дәуірлерден ХУ-ХУІ ғасырдың бас кезіне дейін жалғасты, ол Қазақстан аумағында феодалдық қоғамның қалыптасып, нығаюына байланысты деген схемалық көзқарас орнықты. Қазақтардың халық ретінде қалыптасуында шаруашылық, материалдық мәдениеті және тұрмыс салты, сонымен қатар тіл бірлігі (түрік тілдес тайпалық бірлестіктер мен тайпалардың басым көпшілігі)

пешуші рөл атқарғандығы турасында ортақ тұжырым қалыптасты. 60-жылдары көне дәуір мен орта ғасырларда Қазақстан аумағындағы этногенетикалық процестердің Орта Азиядағы осы тәріздес құбылыстармен өзара байланыстылығы, түркі тілдес тайпалар мен тайпалық топтардың қазақтар ғана емес, өзбектер мен түркімендердің құрамына енгені туралы қорытынды жасалды.

Мысалы: Найман мен Керей руының Моңғолдармен байланысында әскери жүйесі, әкімшілік басқару тәсілдері «Хан» атағын қолдану айырықша көрініс табады. Жалайыр руына Өзбек мәдениетінің әсері киім, қолөнер және ою өрнек элементтерінің қабылдауы. Өзбек шеберлерінен кілем тоқу, маталарды әрлеу әдістерін үйренді. Жалайырлар арасында өзбек тілінің әсерінен кейбір әдебиет пен тіл ерекшеліктері пайда болды, әсіресе ауызша дәстүрге ықпал етті. Арғындар арасында татар мәдениетінің ықпалы байқалады. Татарлардың музыкалық дәстүрлері арғындарда дамыған қобыз, домбыра секілді аспаптарға әсер етті. Татарлар арқылы исламдық әдет-ғұрыптар, шариғат заңдары қазақ жерінде таралып, арғындардың өмір сүру салтына да енді. Үйсіндер Қытаймен және Жетісу аймағындағы басқа да көшпелі халықтармен тығыз байланыста болды. Сауда жолдары арқылы үйсіндер жаңа тауарлар мен мәдени элементтерді қабылдады, мысалы, жібек және керамикалық бұйымдар. Сауда-саттық арқылы үйсіндерге Бұхара мен Самарқандтан қыштан жасалған ыдыстар, әртүрлі маталар, зергерлік бұйымдар келді.

Осылайша, қазақ халқының қалыптасу процесі этникалық, мәдени және тарихи аспектілердің синтезі арқылы жүзеге асты. Бұл кезеңде қалыптасқан мәдени және тілдік элементтер, ұлттық идентификацияның негізін құрады, ал этникалық топтардың ықпалы қазақ халқының мәдениетіне және тарихына терең із қалдырды. Салт-дәстүрлер мен фольклор да қазақ халқының этногенезін қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Қазақтардың мәдениеті мен әдет-ғұрыптары, мысалы, наурыз мерекесі мен бесік тойы, көршілес халықтардың салт-дәстүрлерімен байланыста дамыды.

Қазақәдебиетінде түркі тілінің элементтері, сонымен қатар араб және парсы тілдерінен алынған сөздер мен терминдер байқалады. Мұндай интеграция қазақтың фольклорында, мысалы, күй, жыр және дастан сияқты өнер түрлерінде де көрініс тапты. Мәдени алмасу арқылы қазақтар көршілес халықтардың салт-дәстүрлері мен өмір салттарын қабылдап, өз мәдениетіне енгізді. Мысалы, ислам дінінің таралуы, қазақ қоғамының құндылықтары мен дүниетанымына елеулі ықпал етіп, мәдени бірегейліктің қалыптасуына көмектесті. XVI-XVII ғасырлардағы этногенез процесі Қазақстан мен Орталық Азияның тарихи контекстінде өрбиді. Қазақ хандығының құрылуы мен нығаюы, қазақ тайпаларының арасында саяси және әлеуметтік одақтардың құрылуы, этникалық топтардың бірігуіне ықпал етті. Тарихи деректер мен архивтік материалдар, мысалы, Тарихи-генеалогиялық жазбалар, қазақ халқының тарихи тамырларын айқындайды.

К.А.Пищулина тайпалардың халық болып бірігуінің басты шарты шаруашылықтың және шаруашылық байланыстардың дамуы деп есептегенімен, басқа да тарихи факторларға, олардың ішінде шекаралас отырықшы егіншілікті аймақтар және қалалық мәдениетпен байланыстардың өрбуіне, сол негізде шаруашылық, этномәдени, этносаяси байланыстары орнықан аймақтың қалыптасуына, жақын туыстар этностар ғана емес, басқа да этникалық топтар арасында аралас-құраластық процестің дағдыға айналуына мән береді. Әсіресе, автор этносаяси бірлестіктердің рөлін ерекше атап көрсетеді. Саяси ұйым халықтың қалыптасуын аяқтайтындығы жөніндегі қағида К.А. Пищулинаның ғана емес, басқа да отандық ғалымдардың еңбектерінде әдістемелік алғы шарт ретінде қабылданды. Сонымен қатар оның методологиялық маңызы да бар. Сондықтан да зерттеушілердің басым көпшілігінің қазақтар этногенезінің аяқталу кезеңін қазақ хандығының құрылуымен, ал оның қалыптасу процесіндегі маңызды кезеңдерін Ақ-Орда, Моғолстан сияқты этносаяси бірлестіктермен байланыстырады. Қазақ халқының қалыптасуы халықтардың этносциалдық организмдер ретінде қалыптасу заңдылықтарына сәйкес, феодалдық қатынастардың орнығуы мен нығаюы, сондай-ақ ортақ аумақ, тіл, материалдық және рухани мәдениеттің бірігуі негізінде жүзеге асқан деп санайды К.А. Пищулина мен Б.Е. Көмеков "Қазақстан тарихы" еңбегінде. Олар: "XV—XVI ғасырлардың екінші жартысындағы қазақ халқының негізгі этникалық топтары мен этникалық аумағының мемлекеттік бірлестігі халықтың бірігу процесін жеделдетті" деп жазады.

Кейбір зерттеушілер қазақтарды көпқабатты этникалық синтездің нәтижесі деп санайды. Олар, мүмкін, түсінбеушілік салдарынан, қазақ этногенезінің негізі этникалық факторлардың, ең алдымен, қазіргі Қазақстанның ортақ аумағында өмір сүрген әртүрлі түркітілдес тайпалардың шығу тегінің ортақтығында деп есептейді. Мысалы, О. Ысмағұлов қазақтарды "Қазақстанның қазіргі аумағында табиғи-тарихи түрде қалыптасқан біртұтас этнос" ретінде қарастырады. Ол былай деп жазады: "Бір жағынан ежелгі қола дәуіріндегі жергілікті тайпалардан бастау алатын "алыс арғы тегі" мен екінші жағынан түркі тарихи-мәдени қауымдастығының өкілдері болған өлкенің байырғы тұрғындары ретіндегі "жақын арғы тегі" арасындағы тұрақты және бірізді трансформация қазақ халқының этномәдени тұтастығына қол жеткізуге мүмкіндік берді".

Б. Көмеков пен К.А. Пищулина 90-жылдардағы еңбектерінде толықтырылып, жаңа мәліметтер негізінде нақтыланды. Бұл ғалымдардың 1998 ж. жарық көрген "Қазақстан тарихының" 2-томында қазақ халқының қалыптасуын әралуан факторлардың өзара ықпалдастығы және жиынтығы нәтижесі ретінде қарастырғаны байқалады. "Этноәлеуметтік организм ретіндегі қазақ халқының құрылуы, – деп жазылған онда, – феодалдық қатынастардың орнығуы мен нығаюы, ортақ территорияның, тілдік, материалдық және рухани мәдениеттің қалыптасуына байланысты барлық халықтарға тән жалпы заңдылықтары негізінде жүзеге асты" [14, 2996]. Қазақ халқының қалыптасуының басты шарттары ретінде академик М.Қ. Қозыбаев оның құрамына енген түркі тілді тайпалардың саяси, ішкі әлеуметтік-экономикалық дамуы деп көрсетсе, С. Жолдасбайұлы тек

тілдік бірлік қана емес, салт-сана, діни наным-сенімдер, экономикалық даму біркелкілігі, физиологиялық ұқсастық, аумақтық бірлестік сияқты факторларды атайды [40; 15, 1606].

С.Ж. Асфендиаровтың пікірінше, қазақ халқының қалыптасу процесінің заңдылықтары мен ерекшеліктері мынандай ретте орын алған. Ең алдымен көшпелі түрік-монғол халықтары Түркістанның шаруашылығы, тұрмыс салты және тілдері жат отырықшы халықтары – тәжіктер мен арабтардан бөлектенген. Кейін көшпелілердің бір бөлігі отырықшылыққа көшіп, тәжіктермен сіңісе бастағанда олар өздерін "сарттар" (саудагерлер) атанған отырықшы туыстарына қарсы қойды. Ол кезде көшпелілер мен "сарттар" арасындағы айырмашылық тілінде емес, кәсібінде болды. Содан соң отырықшылыққа ауыса бастаған көшпелі өзбектер өздерін бөлініп кеткен көшпелілерге қарсы қойып, соңғыларын "қазақтар" деп атай бастады. Теориялық тұрғыдан келгенде автор қазіргі тарих ғылымында қалыптасқан көзқарасқа бір табан жақындай түскен сияқты. Ол бойынша халық қалыптасу барысында өзін-өзі "біздер-олар" деген ұлттық сана-сезім негізінде таниды делінеді.

Бірақ нақтылы-тарихи тұрғыдан С.Ж. Асфендиаровтың қазақ халқының қалыптасуының тарихи кезеңдері жөніндегі ұстанымы схемалық түрде екендігі анық. Оны автордың осы мәселелер жөніндегі ой-пікірлерін бекітуге талпынысынан да көруге болады. Автордың ойынша, Орталық Азия аумағында түрлі этникалық топтардың қалыптасуы үш кезеңді бастан кешірген. Бірінші кезең. Азияның далалық өңірінің халықтары, оның ішінде қазіргі кездегі Қазақстан аумағында да өмір сүрген халықтар қоғамдық дамудың төменгі сатысындағы құрылымдарға бірікті. Бұл кезеңге ұлттық шекаралардың тұрақсыздығы тән. Екінші кезең. Шығыс және батыс далалық мекендер тұрғындарының арасы ажырайды. Бұл жағдай шаруашылық пен тілдегі айырмашылықтарға, осыдан келіп халықтардың жаңа топтарының батыста татарлар, қазақ-ноғай-өзбек одағы, "сарттар", тәжіктердің; шығыста – монғолдар, буряттар және ойраттардың қалыптасуына алып келеді. Үшінші кезең. Халықтардың жаңадан топтасуы орын алады: Солтүстік Кавказға қоныс аударған ноғайлар, Түркістанға көшкен өзбектер, далалық өңірде қалып қойған қазақтар көзге түседі. Сөйтіп белгілі бір территорияда оқшауланып қалған халықтардың шаруашылығында, тілі мен тұрмыс-салтындағы айырмашылықтардың күшейе түсуіне байланысты оларда өздеріне тән тұрақты ұлттық нышандар да жетіле түсті [16, 946]. Қорыта келгенде, автордың этногенез процесін сол кезеңдегі кеңестік тарих ғылымында бірден-бір үстем методологиялық ұстаным негізінде қарастыруға ұмтылғандығы байқалады. Қазақтардың этникалық және антропологиялық бірлігі олардың халық болып қалыптасу процесінде маңызды алға шарттарды құрайды. Бірақ бұл процестің негізінде биологиялық факторлармен қатар, қоғамдық-саяси заңдылық жатқанын да ескеру қажет "Мұның біріншісі негізінен алғанда генетикалық факторларды және шыққан тегінің ортақтығын мойындаудан туындайды. Екіншісі, дамудың тарихи факторлары және мәдениет пен шаруашылық, тұрмыс салтының ортақтығы бойынша анықталады [17, 226].

Археологиялық зерттеулерге қарағанда "қазақ" сөзі сақтар заманында пайда болған. С.П.Толстовтың басшылығымен жүргізілген Хорезм өлкесіндегі Топырақ қаладағы қазба жұмыстары барысында азды-кемді жазба деректер (ағашқа жазылған) кездескені мәлім. Оларды әліптеген авторлар жазбаларда "касак", "касасак", "пандикасак" деген атаулардың кездесетінін жазады [142]. Соңғы екеуі, Ә. Сарайдың пайымдауынша, тиісінше "батыр сақ", "ұстаз сақ" дегенді білдіреді. Соған қарағанда, ағаш жазудағы кісі аттары олардың атқарған қызметтерін білдіретін сияқты. Сонымен Топырақ қаланың өмір сүрген уақытын басшылыққа ала отырып, "қазақ" сөзінің толық күйде алғаш хатқа түсуі III ғасырдың орта шені деп белгілеуге болады [13]. Топырақ қала жәдігерлеріне байланысты автор "сақ" этнонимін тереңірек зерттеу қажеттігіне назар аударады. Көне Қытай деректерінде "қазақ" сөзі II ғасырдың орта кезінде хатқа түсірілген, тіпті сол уақыттың өзінде этнонимдік мәнге ие болған. Осы Қазақтар халық болып қалыптасып, тарих сахнасына шығысымен-ақ олар алыс-жақын елдерге танымал бола бастады.

"Қазақтар" деген халық және оның "Қазақ Ордасы" деген мемлекеті туралы мәліметтер австриялық дипломат Сигизмунд Герберштейннің күнделігінде (XV ғ.), ағылшын көпесі Антоний Дженкинсонның жолжазбаларында (XVI ғ.) кездеседі [18; 19; 20]. Алайда қазақ халқының шығу тегін, бұл процестің заңдылықтары мен ерекшеліктерін анықтауға бағытталған ғылыми талпыныстар XVIII ғасырдың орта кезінен басталды. Бұл мәселемен И.Г. Андреев [21], В.Н. Татищев [22, док. N155-156], П.И. Рычков [23], Г.Ф. Миллер [24; 25; 26], И.Е. Фишер, М. Тев-келев [27] т.б. тарихшылар мен орыс орталық әкімшілігінің қызметкерлері айналысты. Бұл авторлардың қай халық болса да өзінің қалыптасу тарихында әр алуан ассимиляцияға ұшырап отырғаны жөнінде методологиялық тұрғыдан дұрыс принципті ұстанғанымен, олардың қазақ халқын қырғыздармен шатастыруы, тіпті, қазақтардың Енисей қырғыздарынан таралғандығы (Н.К. Витзен, П.И. Рычков) жөнінде пікірде болуы [28; 29] аталмыш проблеманың тарихи шындық тұрғысынан зерттелуіне мүмкіндік бермеді. XIX ғасырда қазақтарды қырғыздар деп атаудың жаңсақтығын А.И. Левшин, Ш.Ш. Уәлиханов, Е.К. Мейендорф атап көрсеткен. Солай бола тұрғанымен бұл қателік орыс және батыс еуропа тарихнамасында XX ғасырдың бас кезіне дейін түзетілген жоқ. Оның үстіне XIX ғасыр тарихнамасы қазақтардың шығу тегі жөнінде жаңа жорамалдар әкелді, бірақ қазақтардың халық болып қалыптасу процесінің көне тарих қойнауынан іздеуге бағытталған алғашқы қадамдар да жасалды. XIX ғасырдың бас кезінде Я. Гавердовский скифтер мен қазақтардың туыстығы жөнінде алғашқы рет пікір білдіреді. Н.Я. Бичурин қазақтарды ежелгі замандағы кангюйлердің мұрагері деп жазды. Тарихи шындыққа бір табан жақындай түскен А.И. Левшин қазақтар "көне халық", "түрік тайпаларының бір бұтағы" деген ойды алға тартты. Оның пікірі бойынша, қазақ халқының негізін бір-бірімен ұзақ уақыт араласып бүтін бір халыққа біріккен бірнеше түрік,

монғол тайпалары құрайды. Соңғы үш автордың (Я. Гавердовский, Н.Я. Бичурин, А.Н. Левшин) бұл тұжырымдары қазақтардың шығу тегі жөніндегі автохтондық концепцияның негізін қалады деген болады. Бірақ мұнан осы проблема нақтылы тарихи материалдар негізінде түбегейлі зерттелді деген ұғым тумаса керек. Қазақтар этногенезі проблемасының ғылыми негізде зерттелуі Ш.Ш. Уәлиханов пен В.В. Вельяминов-Зерновтың еңбектерінен бастау алады. Олар бір-бірімен байланысты шығыс деректеріне, әсіресе, Ш. Уәлиханов бірнеше рет өз зерттеулерін жазба деректерді қазақ генеалогиялық аңыздары және шежірелерімен салыстыра отырып жүргізді. Оған сол кезеңде Дешті-Қыпшақ даласындағы этногенетикалық процестің кейбір қырларын ұғынуға мүмкіндік берді. "Кейбір" деп отырған себебіміз – Ш. Уәлиханов деректердің жетіспеушілігіне байланысты қазақ халқының қалыптасу уақыты, оның құрамына енген ру, тайпалардың тілдік, нәсілдік сипаты жөнінде жаңсақ тұжырымдар жасады. Дегенмен қазақ ғалымы көшпелілер қоғамындағы этникалық процестің ерекшеліктерін отандық тарихнамада алғаш талдап берді. Соңғы кездегі зерттеулерде этногенез процесі, яғни бірыңғай этникалық белгілердің қордалануының, ал қазақ қоғамы жағдайында ол нышандардың шаруашылық-мәдени үрдістің ерекше түріне негізделгені анықталды. Бөлектену барысында "біздер-олар" деген ұлттық сана-сезімінің іргетасы қаланады. Қазақ қоғамында көшпелі мал шаруашылығы бір текті этникалық белгілердің пайда болуы мен дамуының материалдық негізін құрады. Ш. Уәлиханов қазақ халқы көне халықтар қатарына жатпайды, ол Бердібектің өлімінен кейін (1359 ж.) Ордада басталған қырқыстар кезінде түрлі түрік және монғол тайпаларының одағы ретінде пайда болды деп жазды [30-132,2056]. Осы мәселе төңірегінде Ш. Уәлихановтың көзқарасына тоқталған кейбір авторлар қазіргі заманғы отандық тарихнама оның жоғарыда аталған пікірін қолдап отыр деген сынай танытады [31, 1986]. Бұл тұжырым шындыққа сай келе қоймайды. Қазақ ғалымы халқымыздың құрылу кезеңін әр текті ру-тайпалардың жалпы мүдде мен белгілі бір жағдайларға байланысты жеке саяси қауымға біріккен мезгілге саяды. Басқаша айтқанда, Ш. Уәлиханов бұл халықтың этногенезі процесінің соңғы сатысын саяси организмнің, яғни қазақ хандығының құрылу уақытымен байланыстыра қарастырады. Осыған орай қазіргі заманғы этнос теориясының авторлары да қандай да болсын этнос өз этногенезінің аяқталу кезеңінде жеке саяси, мемлекеттік организмін құруға ұмтылады деген пікірін еске сала кеткен жөн. Ш. Уәлиханов сонымен қатар қазақ халқының құрамына енген этникалық компоненттер қазақтардың антропологиялық типі, тілі, шаруашылығы, мәдениеті т.б. мәселелерді зерттеп, қазақ этногенезі проблемасын ғылыми тұрғыдан жан-жақты пайымдаудың негізін қалады.

Мақаланы қорытындылай келе сан ғасырлар бойы отарлық езгіде болып келген қазақ елінің егемендікке қол жеткізу өзінің өткен тарихын объективтік шындық тұрғысынан зерделеуге мүмкіндік туғызды. Әсіресе, қазақ хандығының құрылу тарихын жүйелі түрде зерттеп. Еуразия кеңістігіндегі көшпелілердің ежелден келе жатқан бай мемлекеттілік дәстүрі болғандығын, сол негізде олардың дүниежүзілік өркениетке қосқан өзіндік үлесін анықтау отандық тарих ғылымының өзекті мәселелерінің біріне айналды. Қазақ хандығының дүниеге келуі оның халқының шығу тегі және қалыптасумен тығыз байланысты. Соңғы тақырыпты әр қырынан қарастырып, егжей-тегжейлі зерттелмейінше, қазақ мемлекеттілігінің басты тарихи кезеңдерін, эволюциясы мен дағдарысқа ұшырауын көз алдымызға келтіре алмаймыз. Тарихи процестердің барлығын таптық, формациялық шеңберде ұғынуға тырысқан маркстік ілім қазақ халқының этногенезін зерттеудегі негізгі кедергі болды. Зерттеушілердің этногенез және этникалық тарих, ең алдымен, табиғи, әлеуметтік-экономикалық және өзіндік этникалық орталармен өзара әрекет процесі екендігі жөнінде қорытындыта келу проблеманы методологиялық тұрғыдан дұрыс түсінуде маңызды рөл атқарды. Бұл өз тарапында қоғам мен табиғаттың өзара әрекетінің адамның биологиялық бейімделуден тыс - мәдени дамуының нәтижесі ретінде көрінетін өзіндік эволюциясын зерттеу қажеттілігін алға қойды. Қазақтардың этникалық қонстарының бір мемлекет құрамында жинақтау халықтың тағдырына орасан зор оң ықпал жасады. Ол халықтың өзіндік қалыптасу процессінің аяқталуына, Қазақ хандығының мемлекеттік атрибуттарының жетілуіне, өндіргіш күштердің дамуына жағдай туғызды.

Қазақ хандығының құрылуы мен нығаюы кезіндегі этникалық проблемалардың көршілес түркі халықтарының тарихымен өзара байланыста зерттеу ғана методологиялық тұрғыдан дұрыс ұстаным екендігіне назар аударылды. Осыған байланысты С.Г. Ағаджановтың, С.М. Абрамзонның, Т.А. Жданконың, Р.Г. Кузеевтің, Л.П. Потаповтың, П.П. Ивановтың, К. Шаниязовтың, Б.А. Ахмедовтің іргелі зерттеулері қазақ мемлекетінің этникалық дамуының қалыптасуы, халқының орналасуы және этникалық компоненттері секілді проблемалары тақырыптың құрамды бөлігі екені көрсетілді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сабденова Г.Е. Қазақ хандығы құрылуының тарихнамасы. – Алматы: 2015 – 170 б.
2. Масанов Н.Э. История Казахстана: народы и культуры: -Алматы: Дайк-Пресс, 2000.- 608с
3. Ахинжанов С.М. Кипчаки в истории средневекового Казахстана.-Алма.-Ата, 1989.- 296 с.
4. Толстов С.П., Жданко Т.А. Основные этапы этнической истории народов Средней Азии Казахстана. Т. 7. - М., 1962. - С. 38-114.
5. Радлов В. Образцы народной литературы тюркских племен. - СПб, 1870.- 9. III. - 712 с.